

**1.7. «Ақмола облысы Білім басқарамыс Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі  
Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
«Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша  
2025-2026 оқу жылына арналған есеп**

**1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер**

<b>Көрсеткіш</b>	<b>Ақпарат</b>
Білім беру ұйымының атауы	«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Облыс / аудан / ауыл	Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Жаңатұрмыс ауылы
Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасарының Т.А.Ә.	Шарифхаан Жұлдыз, Бадила Сайран
Байланыс телефоны	8716-412-83-41
Электрондық пошта	zhanaturmys.shkola@mail.ru
Оқу жылы	2025-2026
Білім алушылар саны	69
Сынып-комплект саны	13
Сынып жетекшілерінің саны	12

**2. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты:**

«Адал Азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыру.

**Негізгі міндеттері:**

- азаматтық пен патриотизмді дамыту;
- адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- заң мен еңбекке құрмет тәрбиелеу;
- экологиялық мәдениетті дамыту;
- салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
- отбасылық құндылықтарды дамыту;
- құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу;
- мектептегі өзін-өзі басқару мен волонтерлікті дамыту.

**3. Әлеуметтік жобаларды іске асыру**

<b>Өткізілген әлеуметтік жобалар</b>	<b>Саны</b>	<b>Қамтылған білім алушылар</b>	<b>Нәтиже</b>
«Қамқор» жобасы аясындағы қайырымдылық және тазалық акциялары	4	35	Оқушылардың қамқорлық, мейірімділік қасиеттері дамыды
«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша еңбекке баулу іс-шаралары	5	40	Еңбекке құрметпен қарау және жауапкершілік дағдылары қалыптасты
«Smart Bala» жобасы аясындағы зияткерлік және цифрлық	4	45	Оқушылардың ақпараттық технологияларға

сауаттылық жұмыстары			қызығушылығы артты
«Шабьт» жобасы бойынша шығармашылық байқаулар мен көрмелер	6	38	Оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамыды
«Ұшқыр ой алаңы» дебат және пікірталас клубы жұмыстары	5	25	Сыни ойлау және шешендік қабілеттері жетілдірілді
«Балалар кітапханасы» жобасы аясындағы кітап оқу іс-шаралары	7	50	Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығы мен оқу мәдениеті қалыптасты

#### 4. «Адал Азамат» бағдарламасы бағыттарын іске асыру

##### 4.1. Азаматтық-патриоттық тәрбие

Өткізілген іс-шаралар	Саны	Қамтылған білім алушылар	Нәтиже
Сынып сағаттары	34	69	Білім алушылардың тәрбиелік, патриоттық және адамгершілік құндылықтары қалыптасты
Акциялар	20	69	Оқушылардың қоғамдық белсенділігі мен жауапкершілігі артты
Кездесулер / экскурсиялар	5	30	Танымдық қызығушылықтары мен кәсіби бағдарлары дамыды
Байқаулар	10	30	Оқушылар жүлделі орындарға ие болып, шығармашылық қабілеттері дамыды

#### Талдау:

2025–2026 оқу жылында азаматтық-патриоттық тәрбие бағыты бойынша жоспарланған жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылды. Жыл бойы білім алушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілікті және ұлттық құндылықтарға құрметті қалыптастыру мақсатында түрлі сынып сағаттары, акциялар, кездесулер мен экскурсиялар ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, «Менің Отаным – Қазақстан», «Тәуелсіздік – тұғырым», «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз», «Қазақстанның болашағы – білімді ұрпақ», «Ауғанның

отты жылдары», «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері мен атаулы күндеріне арналған патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Жыл ішінде «Таза Қазақстан», «Ардагерлерді ардақтайық», «Жақсылық жаса», «Қамқорлық», «Мектепке жол» акциялары өткізіліп, оқушылар қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысты.

Кәсіби бағдар беру және патриоттық тәрбие мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, ауыл ардагерлерімен, еңбек озаттарымен және түрлі мамандық иелерімен кездесулер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ауылдық кітапханаға, мәдениет үйіне, тарихи-өлкетану бұрышына және ескерткіштерге танымдық экскурсиялар өткізілді.

Кездесулер мен экскурсиялар барысында оқушылардың танымдық қызығушылықтары артып, кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімділігі күшейді. Әртүрлі байқаулар мен шығармашылық сайыстарға қатысқан білім алушылар өз қабілеттерін дамытып, жүлделі орындарға ие болды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде білім алушылардың патриоттық сана-сезімі нығайып, қоғамдық белсенділігі мен көшбасшылық қабілеттері артты. Оқушылардың мектеп өміріне қатысу деңгейі жоғарылап, туған елінің тарихына, мәдениеті мен дәстүрлеріне деген құрметі қалыптасты.

#### 4.2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Іс-шаралар	Саны	Қамту	Нәтиже
Сынып сағаттары	18	69	Оқушылардың адамгершілік қасиеттері мен рухани құндылықтары қалыптасты
Қайырымдылық акциялары	6	45	Мейірімділік пен қамқорлық сезімдері дамыды
Тренингтер мен әңгімелер	8	69	Оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті мен өзін-өзі бағалауы артты
Мәдени іс-шаралар	7	60	Эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілеттері дамыды

#### Талдау:

2025–2026 оқу жылында рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Өткізілген сынып сағаттары, тренингтер мен мәдени іс-шаралар арқылы білім алушылардың адамгершілік қасиеттерін, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.

Атап айтқанда, «Адамгершілік – асыл қасиет», «Қайырымдылық – адамдық белгісі», «Сыйластық – достық негізі», «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Мейірімді жүрек – ізгілік бастауы», «Отбасы – тәрбие бесігі», «Әдептілік – әдемілік белгісі» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, оқушылардың рухани мәдениетін дамыту мақсатында түрлі тренингтер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер мен тәрбиелік кездесулер ұйымдастырылды.

Жыл бойы «Қамқорлық», «Жақсылық жаса», «Мейірімді жүрек», «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты қайырымдылық акциялары өткізіліп, білім алушылар әлеуметтік қолдауды қажет ететін жандарға көмек көрсетуге белсенді қатысты. Бұл шаралар оқушылардың жанашырлық, мейірімділік және жауапкершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етті.

Мәдени-көпшілік іс-шаралар, мерекелік кештер, көркемөнерпаздар байқаулары мен шығармашылық жұмыстар білім алушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған іс-шаралар оқушылардың рухани дүниесін байытуға әсер етті.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың бір-біріне деген сыйластығы артып, өзара қарым-қатынас мәдениеті қалыптасты. Мектептегі жағымды психологиялық ахуал нығайып, білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарға деген көзқарасы мен құрметі артты.

#### 4.3. Ұлттық тәрбие және мәдени құндылықтарды насихаттау

Іс-шаралар	Саны	Қамту	Нәтиже
Ұлттық тәрбие сағаттары	15	69	Оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметі артты
Мәдени іс-шаралар	8	60	Халық дәстүрлері мен салт-дәстүрлерін насихаттау жүзеге асырылды
Ұлттық ойындар	5	45	Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі артты
Көрмелер мен байқаулар	6	35	Шығармашылық қабілеттері дамып, ұлттық мәдениетке қызығушылық қалыптасты

Талдау:

2025–2026 оқу жылында ұлттық тәрбие және мәдени құндылықтарды насихаттау бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Өткізілген тәрбие сағаттары мен мәдени іс-шаралар арқылы білім алушыларға қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен ұлттық мұралары кеңінен таныстырылды.

Атап айтқанда, «Ұлттық құндылық – ұлт қазынасы», «Ана тілі – ұлттың жаны», «Дәстүрім – асыл қазынам», «Наурыз – жаңару мерекесі» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар сайысы, қолөнер көрмесі және мерекелік мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Ұлттық ойындар мен шығармашылық байқаулар оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың белсенді қатысуына мүмкіндік берді. Мәдени құндылықтарды дәріптеу барысында білім алушылардың туған жерге, ана тіліне және ұлттық өнерге деген құрмет сезімі нығая түсті.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың ұлттық сана-сезімі қалыптасып, мәдени мұраға деген қызығушылығы мен құрметі артты. Ұлттық дәстүрлерді құрметтеу мен сақтау дағдылары нығайып, ұлттық құндылықтарға деген оң көзқарасы қалыптасты.

#### 4.4. Құқықтық тәрбие және құқықбұзушылықтың алдын алу

Көрсеткіш	Саны
Өткізілген профилактикалық іс-шаралар	12
Инспекторлармен / мамандармен кездесулер	1
Анықталған құқықбұзушылық жағдайлары	0
Мектепшілік есептегі білім алушылар	0
Қолайсыз отбасылар	0

Қабылданған шаралар мен нәтижелер:

2025–2026 оқу жылында құқықтық тәрбие және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Заң және жасөспірім», «Құқық пен міндет», «Мен және менің құқықтарым», «Құқықтық мәдениет – қоғам талабы» тақырыптарында сынып сағаттары мен түсіндіру жұмыстары өткізілді.

Жыл бойы оқушылармен және ата-аналармен профилактикалық әңгімелер ұйымдастырылып, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, қауіпсіз мінез-құлық, интернет қауіпсіздігі және қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізілді.

Тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және мектеп әкімшілігі тарапынан тұрақты бақылау ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде мектепте құқықбұзушылық фактілері тіркелген жоқ. Оқушылардың құқықтық мәдениеті артып, қоғамдық тәртіпті сақтау деңгейі нығайды.

#### 4.5. Буллингтің, зорлық-зомбылықтың алдын алу және киберқауіпсіздік

Іс-шаралар	Саны	Қамту	Нәтиже
Буллингтің алдын алу бойынша сынып сағаттары	6	69	Оқушылар арасында сыйластық пен қауіпсіз орта қалыптастыру туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді
Психологпен тренингтер мен әңгімелер	4	45	Оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті мен эмоционалдық тұрақтылығы нығайтылды
Киберқауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстары	3	69	Интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдылары қалыптасты
Ата-аналармен профилактикалық кездесулер	2	40	Ата-аналардың бала қауіпсіздігіне жауапкершілігі артты
«Қауіпсіз интернет» акциясы	2	50	Оқушылардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздік туралы білімдері кеңейді

Талдау:

2025–2026 оқу жылында мектепте буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, «Буллингке жол жоқ!», «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз», «Достық – татулық негізі», «Қауіпсіз интернет» тақырыптарында сынып сағаттары мен түсіндіру жұмыстары өткізілді. Сонымен қатар, киберқауіпсіздік мәселелері бойынша профилактикалық әңгімелер ұйымдастырылып, интернет желісін қауіпсіз пайдалану ережелері түсіндірілді. Оқушылар арасында өзара сыйластық, толеранттылық және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде мектепте буллинг пен зорлық-зомбылық жағдайлары тіркелген жоқ, оқушылар арасында қолайлы психологиялық ахуал сақталды.

#### 4.6. Экологиялық және еңбек тәрбиесі

Іс-шаралар	Саны	Қамту	Нәтиже
Сенбіліктер	4	69	Мектеп ауласын тазалау және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді
Экологиялық акциялар	3	55	Оқушылардың табиғатты қорғау мәдениеті қалыптасты
Еңбек жобалары	4	40	Еңбекке баулу және жауапкершілік дағдылары дамыды

Талдау:

Мектепте экологиялық және еңбек тәрбиесі бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Көктем және күз мезгілдерінде сенбіліктер ұйымдастырылып, мектеп ауласын тазалау, көгалдандыру, гүл отырғызу және абаттандыру жұмыстары атқарылды. Экологиялық акциялар арқылы оқушыларға қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау және тазалық сақтау мәдениеті насихатталды. Еңбек жобалары барысында білім алушылар қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа және жауапкершілікке тәрбиеленді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың экологиялық сауаттылығы артып, қоғамдық еңбекке деген оң көзқарасы қалыптасты.

#### 4.7. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Іс-шаралар	Саны	Қамту	Нәтиже
Спорттық жарыстар	6	69	Оқушылардың спортқа қызығушылығы артып, салауатты өмір салты насихатталды

Әңгімелер / тренингтер	5	55	Денсаулықты сақтау, дұрыс тамақтану және зиянды әдеттердің алдын алу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді
Денсаулық күндері	3	69	Оқушылардың дене белсенділігі артып, салауатты өмір салтын ұстану дағдылары қалыптасты

**Талдау:**

2025–2026 оқу жылында «Жаңатұрмыс ауылының ЖОББМ» КММ-де салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында түрлі спорттық, тәрбиелік және профилактикалық іс-шаралар жүйелі түрде өткізілді. Атап айтқанда, «Денсаулық – зор байлық», «Салауатты өмір салты», «Зиянды әдеттерден сақтанайық», «Жеке бас гигиенасы» тақырыптарында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Денсаулық күні, спорттық эстафеталар, шағын футбол, волейбол және ұлттық ойындар жарыстары өткізілді. Әңгімелер мен тренингтер барысында дұрыс тамақтану, жеке гигиенаны сақтау, зиянды әдеттердің алдын алу және денсаулықты нығайту жолдары түсіндірілді. Іс-шараларға білім алушылар белсенді қатысып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын түсінді. Нәтижесінде оқушылардың денсаулық мәдениеті артып, спортпен шұғылдануға деген қызығушылығы мен ынтасы күшейді.

**4.8. Ата-аналармен жұмыс**

Жұмыс түрлері	Саны	Қамтылған ата-аналар	Нәтиже
Ата-аналар жиналыстары	5	45	Бала тәрбиесі мен оқу жетістіктері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді
Тренингтер	3	35	Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығы артты
Кеңестер	3	40	Ата-аналарға тәрбиелік және әлеуметтік мәселелер бойынша бағыт-бағдар берілді
Бірлескен іс-шаралар	4	50	Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастық нығайтылды
ППҚ қызметі	3	20	Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіліп, жеке кеңестер берілді

**Талдау:**

2025–2026 оқу жылында мектепте ата-аналармен байланыс жүйелі түрде ұйымдастырылып, тәрбиелік бағыттағы жұмыстар тұрақты жүргізілді. Ата-аналар жиналыстарында оқушылардың оқу үлгерімі, тәртібі, қауіпсіздігі, интернет мәдениеті және тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар, ата-аналарға арналған тренингтер, кеңестер және дөңгелек үстелдер өткізіліп, бала тәрбиесіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілді.

Атап айтқанда, «Отбасы – тәрбие бесігі», «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі», «Қауіпсіз интернет», «Балаға үлгі бола білейік» тақырыптарында кездесулер мен пікір алмасулар ұйымдастырылды.

«Даналық мектебі» жобасы аясында Әжелер клубының қатысуымен «Әже өнегесі – ұрпаққа мұра», «Салт-дәстүр – тәрбие негізі», «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» тақырыптарында тәрбиелік кездесулер, ұлттық тағамдар көрмесі, қолөнер сағаттары

және шеберлік сабақтары өткізілді. Аталған іс-шаралар арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды насихаттауға ерекше көңіл бөлінді.

Мектеп пен отбасының бірлескен іс-шаралары өзара ынтымақтастықты нығайтып, ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуына ықпал етті. Нәтижесінде ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артып, мектеппен байланысы күшейді.

#### 4.9. Мектептегі өзін-өзі басқару және волонтерлік

Бағыт	Іс-шаралар саны	Қатысушылар саны	Нәтиже
Өзін-өзі басқару	5	25	Оқушылардың көшбасшылық, жауапкершілік және ұйымдастырушылық қабілеттері дамыды
Волонтерлік жобалар	4	30	Оқушылардың қоғамдық белсенділігі мен қайырымдылық мәдениеті қалыптасты

#### Талдау:

Мектепте өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы жоспарлы түрде жүргізілді. Оқушылар мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысып, жауапкершілік пен көшбасшылық қабілеттерін көрсетті. Өзін-өзі басқару ұйымының бастамасымен «Мектеп парламенті күні», «Үздік сынып бұрышы» байқауы, мерекелік концерттер мен челленджер, пікірсайыс турнирлері, құқықтық сауаттылық және қауіпсіздік тақырыптарындағы акциялар өткізілді.

Волонтерлік қызмет аясында «Қамқор» қайырымдылық акциясы, «Таза мектеп – таза аула» экологиялық сенбілігі, қарттар мен жалғызбасты тұрғындарға көмек көрсету шаралары, қысқы кезеңде мұқтаж отбасыларға қолдау көрсету акциялары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ұлттық мерекелер мен атаулы күндерге арналған қоғамдық-пайдалы іс-шараларға белсенді қатысу қамтамасыз етілді. Нәтижесінде оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттері дамып, бір-біріне қолдау көрсету, қамқорлық жасау және қоғамдық жұмыстарға жауапкершілікпен қарау дағдылары қалыптасты. Білім алушылардың әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық ұстанымы нығайып, мектеп өміріне деген қызығушылығы артты.

#### 5. Әлеуметтік серіктестермен жұмыс

Ұйым	Өзара әрекеттесу түрлері	Нәтиже
Агробизнес және сервис колледжі	Кәсіптік бағдар беру кездесулері, ашық есік күндеріне қатысу, колледж мамандарымен кездесулер, экскурсиялар ұйымдастыру	Оқушылардың мамандықтар туралы ақпараттары кеңейіп, болашақ кәсіби бағытын анықтауға қызығушылығы артты. Колледж бен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығайды

#### 6. Тәрбие жұмысының ақпараттық сүйемелдеуі

Бағыт	Жарияланымдар саны
Мектеп сайты	465
Әлеуметтік желілер	520
БАҚ	1

#### 7. Білім алушылардың жетістіктері

Деңгей	Жетістіктер саны	Мысалдар
Мектепшілік	50	Пәндік олимпиадалар, спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар
Аудандық	20	Олимпиада жүлдегерлері, дебат және спорттық сайыстар
Облыстық	2	Ғылыми жоба және шығармашылық байқау қатысушылары
Республикалық	15	Онлайн байқау мен республикалық конкурсқа қатысу

### 8. Мәселелер және оларды шешу жолдары

Анықталған мәселелер	Қабылданған шаралар / шешу жолдары
Мәселе анықталған жоқ	Оқу-тәрбие процесі жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілді, барлық іс-шаралар уақытылы орындалды

### 9. Келесі оқу жылына қорытындылар мен перспективалар

«Жаңатұрмыс ауылының ЖОББМ» КММ-де 2025–2026 оқу жылында тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізіліп, білім алушылардың жан-жақты дамуына бағытталған іс-шаралар толық орындалды. Оқушылардың оқу үлгерімі, тәртіп мәдениеті, әлеуметтік белсенділігі және шығармашылық қабілеттері айтарлықтай артты. Әлеуметтік жобалар, құқықтық тәрбие, экологиялық және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар өз нәтижесін берді. Келесі оқу жылында тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру, оқушылардың көшбасшылық, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға басымдық беріледі. Сонымен қатар ата-аналармен жұмысты күшейту, волонтерлік қызметті кеңейту және цифрлық қауіпсіздік бағытындағы іс-шараларды жүйелі түрде жалғастыру жоспарлануда.

### 10. Қосымшалар

- Тәрбие жұмысының жоспары;
- Фотоесептер;
- Жарияланымдарға сілтемелер;
- Аналитикалық анықтамалар;
- Мониторингтер мен диаграммалар;
- Іс-шаралар хаттамалары.








Жауапты: тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары Бадида С., Шарифхаан Ж.




Мектеп директоры



Д.Жунусова

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы іс-шаралар фото есептермен, жарияланымдағы сілтемелер.


«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы іс-шаралар	Фото есептер	Жарияланымдарға сілтемелер
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы сынып сағаттары		<a href="https://www.instagram.com/p/DSSt9FOkkgQ/?igsh=cmJndWc0MzMwZmRy">https://www.instagram.com/p/DSSt9FOkkgQ/?igsh=cmJndWc0MzMwZmRy</a> <a href="https://www.instagram.com/reel/DSjQN2miCb1/?igsh=Zml4dzcxYXN0Z2Nw">https://www.instagram.com/reel/DSjQN2miCb1/?igsh=Zml4dzcxYXN0Z2Nw</a> <a href="https://www.instagram.com/reel/DSZeuBiLtV/?igsh=cXVjNDJqdmNrZHh6ь">https://www.instagram.com/reel/DSZeuBiLtV/?igsh=cXVjNDJqdmNrZHh6ь</a> <a href="https://www.instagram.com/p/DSaB=OhkSmW/?igsh=MWV5dXVyNTV3bm8zNA==">https://www.instagram.com/p/DSaB=OhkSmW/?igsh=MWV5dXVyNTV3bm8zNA==</a>
Қайырымдылық акциясы «Жақсылық жаса»	 	<a href="https://www.instagram.com/reel/DXWBXOPiNf0/?igsh=MWw0MzAwaDhya2d5OQ==">https://www.instagram.com/reel/DXWBXOPiNf0/?igsh=MWw0MzAwaDhya2d5OQ==</a> <a href="https://www.instagram.com/reel/DVXRceCN8B/?igsh=NDZtY3V6ZHY3MGFr">https://www.instagram.com/reel/DVXRceCN8B/?igsh=NDZtY3V6ZHY3MGFr</a>
«Ұлттық құндылық – ұлт қазынасы» танымдық кеші		<a href="https://www.instagram.com/reel/DVGPDACFEs/?igsh=MTNnN2ZzZXE2MGw2bQ==">https://www.instagram.com/reel/DVGPDACFEs/?igsh=MTNnN2ZzZXE2MGw2bQ==</a> <a href="https://www.instagram.com/reel/DVLjk2bCKIg/?igsh=cm0wN2JyeHQ1eWd3">https://www.instagram.com/reel/DVLjk2bCKIg/?igsh=cm0wN2JyeHQ1eWd3</a>
«Салауатты өмір – жарқын өмір» спорттық іс-шарасы		<a href="https://www.instagram.com/reel/DT2Yrz3iJiY/?igsh=bXZ6eGpjanV1aHNx">https://www.instagram.com/reel/DT2Yrz3iJiY/?igsh=bXZ6eGpjanV1aHNx</a>
Тазалық және экологиялық сенбілік		<a href="https://www.instagram.com/p/DXdYEcriBsP/?igsh=MTJmYjJ2aDRuYTOxe g==">https://www.instagram.com/p/DXdYEcriBsP/?igsh=MTJmYjJ2aDRuYTOxe g==</a>
Патриоттық тәрбие сағаты «Менің Отаным»		<a href="https://www.instagram.com/p/DSXOhgGiNUm/?img_index=1&amp;igsh=ZnJoeXVpaHVzdnk4">https://www.instagram.com/p/DSXOhgGiNUm/?img_index=1&amp;igsh=ZnJoeXVpaHVzdnk4</a>

<p>Волонтерлік және қайырымдылық акциялары</p>		<p><a href="https://www.instagram.com/p/DV09jPBiNx2/?igsh=dGRscG52djlnbW1w">https://www.instagram.com/p/DV09jPBiNx2/?igsh=dGRscG52djlnbW1w</a></p>
<p>Құқықтық сауаттылыққа арналған сынып сағаттары</p>		<p><a href="https://www.instagram.com/p/DTaIoIHCMij/?igsh=a3p6c21zMGMzOG1n">https://www.instagram.com/p/DTaIoIHCMij/?igsh=a3p6c21zMGMzOG1n</a></p>
<p>Ата-аналармен бірлескен тәрбиелік кездесу</p>		<p><a href="https://www.instagram.com/p/DXotyfDiAVL/?img_index=1&amp;igsh=MXJpNnZsZ29uc2VrZg==">https://www.instagram.com/p/DXotyfDiAVL/?img_index=1&amp;igsh=MXJpNnZsZ29uc2VrZg==</a></p>

## Алдын алу жұмыстарының тиімділігі:

### Алдын алу жұмыстарының тиімділігі

2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарының салыстырмалы көрсеткіші



### Есепке арналған талдау мәтіні:

Диаграммада көрсетілгендей, 2025–2026 оқу жылында алдын алу жұмыстарының тиімділігі 100%-ға жетті. Бұл көрсеткіш 2024–2025 оқу жылымен салыстырғанда 15%-ға жоғары. Жүргізілген жүйелі профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде құқық бұзушылық, буллинг, ерте жүктілік, зиянды әдеттердің таралуы және мектепшілік есепке алу жағдайлары тіркелген жоқ.

Оқушылардың құқықтық сауаттылығы артып, қауіпсіз мінез-құлық дағдылары қалыптасты. Ата-аналармен және құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстардың сапасы жақсарып, профилактикалық іс-шаралардың қамтылуы жоғары деңгейде қамтамасыз етілді. Нәтижесінде мектепте қолайлы психологиялық орта қалыптасып, білім алушылардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар толық көлемде орындалды.

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылында жүргізілген алдын алу жұмыстары өткен оқу жылымен салыстырғанда айтарлықтай нәтижелі болып, тәрбиелік жұмыстың сапасы жоғары деңгейде жүзеге асырылды.

### Әлеуметтік жобаларға қатысу көрсеткіші:





Диаграмма нәтижелері бойынша әлеуметтік жобаларға оқушылардың қатысу деңгейі жоғары болды. Ең жоғары көрсеткіш «Балалар кітапханасы» жобасында – 72,5%, ал ең төмен көрсеткіш «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубында – 36,2%.

## Профилактикалық жұмыстардың көрсеткіші



Құқық бұзушылықтың алдын алу – 100%

Буллингтің алдын алу – 100%

Қауіпсіз интернет – 98%

Салауатты өмір салты – 97%

Ата-аналармен профилактикалық жұмыс – 100%